

ӘОЖ 291.11 (574)

Қ.М. Борбасова^{1*}, А.А. Сағындықов²

¹Дінтану және мәдениеттану кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²Нұр-Мубарак ислам мәдениеті университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: karlygash_bm@mail.ru

Жаңа протестанттық ұйымдардың миссионерлік қызметінің саяси астарлары

Мақалада миссионерлік қызметтердің анықтамаларына сараптама жасау барысында бұл терминнің Батыстық империялық державалардың жаңа аумақтарды отарлау үрдісімен байланысты туындағандығы дәлелденеді. Миссионерліктің мақсаттары мен себептеріне байланысты олардың дінтанудағы топтамалары беріледі.

Зерттеу жұмысын қорытындылай келе, батыс елдерінің империялық амбициялары түйіскен қарсылас мемлекет аумағында – адамзат тарихында екі мың жыл бойы және қазіргі күнге дейін қоғам өмірінде күрделі өзгерістерге алып келетін жаңа культті орнатумен бірге, халықтың менталитетін толық өзгеріске ұшырататын миссионерлік қызмет батыстық құндылықтарды орнату арқылы батыстық елдердің аумақтық және экзистенциялық экспансияға жол ашатын құралдардың бірі деген түйін жасалады.

Түйін сөздер: дін, саясат, қоғам, миссионерлік қызмет, ұлттық мүдде.

K. Borbassova, A. Sagyndykov

Political aspects of Neoprottestant organization missionary activity

Revealing the article the concept of «missionary activity» is proved that this term appeared in Western Europe in time of industry development and holding colonialist policy. There is given the classification based on the purposes and causes of missionary work.

Socio-philosophical and religious study analysis has allowed to reveal, that missionary activity is one of the dynamic Protestant working methods, with a history spanning more than one year and more often it had the Imperial character and caused protests from colonized countries. The conclusion is that Protestants distribute Western civilization cultural achievements along with the religious traditions and the missionary activity is a tool existential expansion.

Key words: religion, politics, society, missionary activity, national interests

К. Борбасова, А. Сағындықов

Политические аспекты миссионерской деятельности неопротестантских организаций

Раскрывая в статье понятие «миссионерская деятельность», доказываем, что этот термин возник в Западной Европе во время развития промышленности и проведения колонизаторской политики. Основываясь на цели и причины миссионерства, дается их классификация.

Социально-философский и религиозно-ведческий анализ позволил выявить, что миссионерская деятельность является одним из динамичных протестантских методов работы, история которого насчитывает не один год, и чаще оно носило имперский характер и вызывало протест со стороны колонизированных государств. В заключение пришли к выводу: до сегодняшнего дня наряду с религиозными традициями протестанты распространяют культурные достижения западной цивилизации и сама миссионерская деятельность является инструментом экзистенциальной экспансии.

Ключевые слова: религия, политика, общество, миссионерская деятельность, национальные интересы.

Қазақстан жеріндегі миссионерліктің тарихы шамамен VII ғасырдан басталды. Осы кезеңде басталған христиандықтың Несториан тармағы түрінде келген христиан миссионерлерінің қызметтері тоқталмады. Әйтсе де, Кеңес дәуіріне дейінгі қазақтардың исламдық берік имандары мен КСРО дәуіріндегі коммунистердің атеистік саясаты кедергі болып, миссионерлер айтарлықтай нәтижеге жете алмады. Кеңес Одағының құлауымен миссионерлердің белсенді жұмыс жасауларына мүмкіндік туды.

Біз қарастыратын мәселеде «евангелизация», «миссионерлік», «прозелитизм» деген терминдер кеңінен кездеседі. Діни әдебиеттерде евангелизм сөзінің астарында Евангелияны уағыздау, қоғамда христиандық сенімді тарату деген мағына беріледі [1, 15 б.]. Ал зайырлы ғылым өкілдерінің көбісі болса, «евангелизация» терминін халықтарды және жеке адамдарды христиандыққа кіргізу мақсатын ұстанған діни бірлестіктердің қызметтерін атап келеді [2, 64 б.]. Сонымен бірге, секуляризацияға ұшыраған қоғам ішінде өздерінің қатарларын нығайтуға тырысқан жұмыстарды көрсету мағынасында қолданылады [3, 11 б.]. Әртүрлі авторлардың берген анықтамалырының негізгі ортақ мағынасы – ол халықтардың арасында христиандық сенімді тарату.

Қазіргі таңда, дінтанушылар берген түсініктеме бойынша евангелизация – тұлғалық тұрғыда христиандандыру мақсатында жүргізіп отырған саясат, ал миссионерлік қызмет – оны жаһандық ауқымда жүзеге асырып отырған евангелизацияның құралы. Дін ілімін зерттеуші, доктор Дж. Мак-Артурдың анықтамасына сәйкес «миссионерлік дегеніміз әлемдік деңгейдегі евангелизм» [4, 128 б.]. Бірақта, көптеген әдебиеттерде евангелизация миссионерлік қызметтің маңызды мақсаттарының бір бөлігі ретінде көрініс табатындығын көре аламыз. Осындай көзқарасқа байланысты евангелизация дегеніміз нақты мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған және адамдарда діни сананы қалыптастыру немесе қайта жандандырумен байланысты. Бұл қызмет түрінде нақты анықталған және белгіленген нысандары, мақсаттары мен әсер ету принциптері көрсетілген. Бұл жерде

Біз зайырлы мемлекетпіз. Дін мемлекеттен бөлінген. Бірақ бұл Қазақстан небір діни қозғалыстардың қоқысына айналуға тиіс деген сөз емес».

Нұрсұлтан Назарбаев

«Мәсіхте құтқарылу туралы куәлікті» білдіреді. Яғни, адамдарды өздерінің сенімдеріне жеке құтқарылудың діни принциптерін адамның психикасына әсер ететін көптүрлі эмоциялық формалар (күнәлікті ұғынуға шақыру, өкінуге, шоқындыруға, Қасиетті Рухты қабылдау) арқылы тартады.

Миссионерлікпен байланысты көріністерді анықтау мақсатында ғалымдар «прозелитизм» терминін «басқа сенімдегі адамдарды өзінің сенімдеріне табандылықпен жасалған талпыныстары арқылы кіргізу» деп түсіндіріледі. Прозелитизм көптеген діни ағымдарға тән болып келеді, бірақта прозелитизмнің ашық көрінісі жаңа протестанттық ағымдарда кең етек жайғанын байқауға болады. Осыған сәйкес прозелитизм түсінігі миссионерлік қызметтің маңызды бір элементін анықтайды.

Миссионерлік терминін анықтау барысында зайырлы ғалымдар арасында осы қызмет сенімсіздік және скептицизм сезімін тудырып отырған. Мысалы, 1985-ші жылы жарық көрген атеистік сөздікте «миссионерлікті» шіркеулік ұйымдардың басқа сенімдегі адамдарды өз мемлекетіжәнешетелдердегі адамдар арасындағы дінді тарату қызметі ретінде анықтаған [5, 142 б.]. Сонымен бірге, миссионерлікті отарлау саясаты кезінде дамыған державалардың идеологиялық экспансияларының бір формасы деген анықтама да берген болатын. Кейінгі шыққан басылымдарда авторлар миссионерлер арасында көптеген гуманистер болғандығын ескеріп, қатты идеологиялық сыннан алыстайды. Миссиялардың еуропалық отарлау саясатыда қазіргі уақыттағы маңызды орынды иеленетінің көрсетіп отыр. Қазіргі кездегі протестанттық миссиялар қызметін зерттеушісі Г. Андерсон осы құбылысқа қатысты зайырлы көзқарасын жақсы жеткізген. Оның анықтауы бойынша миссионерлік «көріну, тақуалық, саясат және Отан сүйгіштік» сияқты қоспадан тұрады деген [6, 49 б.].

Діни әдебиеттерде миссионер сөзін евангелизациялау мақсатымен жұмыс жасайтын барлық діни бірлестіктердің ілімдерін таратушы адамдарды атаған. Миссионерлердің жұмысы евангелизация саясатын жүзеге асыра-

тын, жаңа шіркеулерді құруға немесе өздерінің, басқа мәдениет, мемлекет аумағында жұмысын жүзеге асыруға бағытталған. Тағы бір ескертетін нәрсе, протестанттық және жаңа протестанттық ағымдардың миссионерлері шетелдік және отандық болып екіге бөлінеді: отандық миссионерлер дегеніміз тек қана өздерінің мемлекеттерінің аумағында діни қызметін жүзеге асырады.

Біздің пікіріміз бойынша шетелдік миссияларды бір-бірінен тәуелсіз ұйымдар ретінде қарастыру үлкен қателік болып табылады. Өйткені шетелдік және отандық миссияларда жалпы құтқарылу және тағы да басқа христиандық принциптерге негізделген ортақ мақсаттары мен мазмұндары бар. Ұлттық және шетелдік миссиялар арасындағы айырмашылықтары тек қана көзделген уақытша мақсаттарына байланысты болып келеді.

Ілімдік тұрғыдан миссионерлік қызмет терминін қарастыратын болсақ келесі анықтамаларды шығаруға болады: сенімді уағыздау (яғни діни көзқарастар жүйесін); «құдай патшалығын» тарату; басқа сенімдегі адамдарды өздерінің сенімдеріне кіргізу; жаңа шіркеулерді құру.

Миссионер сөзінің мәні жіберуші адамның, жіберілген адамның және оған қойылған мақсаттармен түсіндіріледі. Басқа сөзбен айтқанда, осы әрекетті жүзеге асыру үшін жіберуші адамның беделі бар екенін көрсетеді. Көбінесе, адамдарды миссионерлік қызметті орындау үшін Құдай өзі жібереді деген ойлар жиі айтылады. Осыған байланысты, мынандай жағдайға көңіл аудару керек: басқа сенімдегі адамдар арасында өздерінің сенімдерін таратуға рұқсат беру құқын шіркеу, миссионерлік ұйым немесе кез-келген христиан иерархы Құдайдың міндетін өздерінің мойындарына алады.

50-ші жылдарға дейін миссионерлік ұғымына тар мағынасында анықтама беріліп келген. Сол анықтамаға сәйкес: әлемде христиандық сенімді тарату және кеңейту; миссионерлерді белгілі бір мемлекетке жіберу; миссионерлер жұмыс жасаған белгілі аумақтар; нақты белгіленген аумақтағы миссионерлердің қызмет жасауы; миссионерлерді жіберетін ұйымдар; миссионерлер өздерінің қызметтерін жүзеге асыратын орталықтар.

Миссионерлік қызметке қатысты анықтамалар соңғы уақыттарда ғана шыққан. XVI ғасырға дейін mission сөзі Үштік туралы ілімге қатысты «Әке Құдай өзінің Ұлын жіберді, ал

Әке Құдай мен Оның Ұлы Қасиетті Рухын жіберді» деген мағынада пайдаланылды. Христиан сенімінің алғашқы таратушыларының қызметі «apostolatus» немесе «propagatio fidei» деп аталған. Уақыт өте келе осы терминдердің орнына миссия термині келді. Шіркеу соңғы он бес ғасыр бойы «сенімді тарату», «Евангелияны жариялау», «шіркеулерді құру», «халықты сауаттандыру» және осы сияқты басқадай мағыналарды пайдаланып келді.

Миссия сөзінің жаңа мағынасы Батыстық империялық державалардың жаңа аумақтарды отарлау үрдісімен туындаған. Осы кезеңнің тарихи дамуында отарлау дәуірі және төтенше өкілеттіктерге ие болу туралы идеялармен тығыз байланысты. Алыс жақтағы отарларға шіркеу өкілдерін жіберу әрекеттері маңызды болғаны соншалық, отарлаушы мемлекеттік билік тарапынан жіберілген миссионерлерінің әрекеттеріне, қызметтеріне араласуына және мақсаттарының анықталуына, өзгеріске ұшырауына әсер етіп отырған. Олардың жұмыстары миссия деп аталып, ал өздері миссионерлер деп аталып кетті. Осындай мағынада ең бірінші иезуиттер орденінің негізін салушы Игнатий Лойола (1491-1556) қолданған. Кейін келе Игнатий Лойоланың ізбасарлары осы терминнің мағынасын христиандық сенімді барлық адамдардың ішінде тарату деп кеңейткен.

Миссионерліктің мақсаттары мен себептеріне байланысты әртүрлі ойлар мен пікірлер туындаған. Солардың ішінде ерекше атап өтілетіндер:

- Үндеу себептері;
- Эсхатологиялық себебі;
- Діндарлар қауымын біріктіру қажеттілігінен туындаған жаңа шіркеулерді құру себептері;
- Әлемде әділеттілікті орнатуға түрткі жасайтын филантропикалық себептер.

Миссионерлік қызметте эгоисттік себептерді де кездестіруге болады – билік пен өктемдікке ұмтылу, өздерінің «жоғарғы» мәдениетін тарату;

Романтикалық себеп – бейтаныс экзотикалық елдерде болу;

Шіркеулік прагматизм – басқа аумақта өздерінің сенімдері мен шіркеулік тәртіптерін тарату сияқты себептерді атап өтуге болады.

Тарихи ретроспективадағы миссионерлік қызметті сараптау кезінде, (әсіресе Ұлы географиялық уақытысында) астарында державалардың саяси мақсаттары жатқан бейнелерді көруге

болады. Миссиялардың белсенділігі христиандық сенім басқа нәсілдер мен халықтардың өмір сүру деңгейін жоғары дәрежеге дейін арттырады деген сенімдеріне байланысты.

Христиандықтың басқа халықтарға әсерлерінің нәтижелерін осындай концептуальды бағалаулары өзінің мәдени артықшылығын тудырды. Батыс ілімі, оның шіркеулік ғұрыптары мен салттары заңды және оның заңдылығы туралы пікір таластыруға болмайды деп есептелді.

Кез-келген зерттеушінің зайырлы позициясы христиандық сенім миссионерлікпен тығыз байланысты деген фактілерді жоққа шығара алмайды. Екінші Ватикандық собордың анықтауы бойынша «жер бетіндегі шіркеу миссионерлік мақсаттарды жүзеге асырып жатыр» деген. Протестанттық миссиологияның негізін салушы Густав Варнектің (1832-1910 жж.) сөздеріне сәйкес миссионерлік – «шіркеудің өмір заңы» [7, 27 б.] деген. Барлық христиандық әлемде миссионерлікке қатысты ортақ бір түсінік пен қатынас қалыптасқан. Осыған сәйкес мынандай анықтама жасауға болады: «христиандық өзінің табиғаты негізінде миссионерлікті алып жүреді. Сондықтан, миссионерліксіз ол өзінің мағынасын жоғалтады», «Шіркеудің жоғарғы және ең бірінші мақсаты – әлемді евангелизациялау» [8, 31 б.].

Миссионерліктің белсенділігінің «табиғаттан тыс» және «табиғи» негіздемелері бар. Мәсіхтің «Ұлы тапсырмасы» Мата Евангелиясында «Әке Құдайдың және Ұлының және Қасиетті Рухтың атымен барлық халықтарға барып шоқынуды үйретіндер» (28:19),- деп жазылған. Осылайша, миссионерліктің негізін қалыптастырушы себептердің ең бастысы діни негіз болып табылады. Миссионерлердің діни талпыныстарын саяси мақсаттарда пайдалану екінші сатыдағы көрініс ретінде қабылданады. Бұл ретте тарихи дәлелдерге сүйенетін болсақ, миссионерлік қызмет батыс империяларының саяси мақсаттары шеңберінде әрекет жасағандығын көреміз, яғни, миссиялардың жүзеге асырып отырған бағдарламалары отарлаушы империялардың саяси мақсаттарымен әрқашанда сәйкес келіп отыратын. Миссиялар қызметтері Ұлы географиялық ашулар және Америка мен Африканы отарлау уақыттарында өзінің биік шыңына шықты. Англияның XVIII-XIX ғасырда жүзеге асырып отырған отарлау саясатында протестанттық миссиялар өз мемлекетінің ықпалы мен саясатын үлкен аумақта тарата отырып елеулі нәтижелерге

иеленді. Осындай саяси құралды европалық державалардың барлығы пайдаланды деген тұжырым шығаруға болады. Миссионерлердің қызметінің нәтижесінде отарланған елдер өздерінің отарлаушы мемлекеттерге саяси, экономикалық, рухани тәуелділікке түсіп, ешқандай қарсылық көрсете алмады. Осындай керемет жетістіктер тек діни уағыздар арқылы жүзеге асырылған. Себебі, діни үгіт-насихаттың әсері тәуелділікте ұстаудың басқа формаларынан, яғни әскери немесе күштік басқарудан әлде қайда жемісті болып келеді.

Біздің пікірімізге сай миссионерлердің көпшілігі өздерінің қызметі барысында белгілі бір мемлекеттің сыртқы саясат бағдарламалары бойынша саналы түрде жұмыс жасамайды және саяси үрдістерге қатысамыз деген мақсатты ұстанбайды. Олардың жұмыстары мен қызметтерінің басты мақсаты «адамдардың жанын құтқару» болып табылады. Осы мақсатты ұстана отырып өздерінің жұмыстарын бір жолға бағыттайды, алайда миссионерлер өздерінің жан-жақты жүргізілген жұмыстарының арқасында күтпеген салдарға ұрынады. Макс Вебер атап өткендей миссионерлердің іс-әрекеттерінің жемістері олардың ниеттеріне қарама қарсы келеді. Саяси мәселелерді шешу барысында діни факторлардың орнын білетін биліктегі адамдар шусыз пайдаланып отырады.

Көптеген дамыған елдер саналы немесе санасыз түрде осы үрдіске өздерінің үлестерін қосып жатыр. Миссионерлік белсенділікті көбінесе экономикалық тұрғыдан жақсы дамыған және ұлы державалық амбициялары бар мемлекеттер қаржыландырып отырады. Айтып отырған жағдайды тарих беттерінен де, қазіргі уақытта да кездестіруге болады. Мысалға, 1979 жылғы мәліметтерге сәйкес американдық және канадалық 650 ұйым шетелдік 40 мың миссионерді қамтамасыз ету мақсатында 1 млрд-тан жоғары АҚШ долларын жұмсаған болатын [9, 155 б.].

Осы мәселелерді қарастыра отырып миссионерлік қызметтің себептері мәселесіне қайтадан тоқталып өткен жөн деп шештік. Жоғарғы жақта біз миссионерлік қызметтің догматтық негіздерін қарастырдық. Бірақта, осы қызметке өмірлік себептер де әсер етеді.

Жоғарыда айтылғандай шетелдіктер Қазақстандағы миссионерлерді қамтамасыз ету және әртүрлі жобаларды жүзеге асыру үшін көптеген қаржыны жұмсайды. Осы мақсатқа жұмсалған

қаражат бірнеше рет еселеніп өндіріліп алынады. Мәселен, жаңа протестанттық ағымдарда «десятина» деген заң жұмыс жасайды. Бұл заң негізінде шіркеу мүшелері өзінің бір айлық табысының оннан бір бөлігін шіркеудің қазынасына өткізуге міндеттелген. Бірақ оның мөлшері белгіленгеннен де асып кететін кездері болады. Шіркеуде жүрген адамдардан не себепті белгіленген мөлшерден көп береді деген сауалға жауапты іздестіру барысында, шіркеулердің пасторлары адепттерге «Бізге ақша маңызды емес, себебі біз ақшаға сыйынып табынбаймыз, біз өзіміздің құлшылығымызды тек Әке Құдайға бағыттаймыз және оның мейірбандығын сезіну керек» деген пікір қалыптастырғанын байқадық. Осыдан «ақшаға табынбаймыз», «ақша бізге маңызды емес», «тек Құдайдың шапағатына бөленеміз» деген анкау адамдардың кейде өздерінің немесе өзінің балаларына, немерелеріне қажетті қаржыны (мысалы, оқуына төленетін, емделуіне жұмсалатын) шіркеуге апарып беретіндігін және кейбір кездері өздерінің қызметтерінен, тұрғын үйлерінен айырылып жатқандығын көруге болады. Сонымен бірге, діни ұйымның өз елдерінде танымалдығын арттыра отырып адамдар арасында әр-түрлі жобалар бойынша қаржы жинау акцияларын ұйымдастырады. Осындай акциялардан жиналған қаржы арқасында миссияның қиналмай өмір сүруіне жол ашылады. Батыс елдерінде көбінесе діндар адамдар нақты жобаларды көріп ақшалай жәрдем беруге дайын және осы жағдайды діни ұйымдар оңтайлы пайдаланады. Ал кейбір адамдар (діни көшбасшылар, діни қызметкерлер) үшін ол – өзінің жеке бастарын қамтамасыз етудің бірден-бір жолына айналдырады.

Тәжірибелік қызметте біз рухани дәрежесі төмен пасторларды жиі кездестіреміз. Олардың жұмыстарының негіздерінде руханилықтан басқа барлық көріністерін көруге болады. Осыған байланысты өзіміздің бақылау арқылы жүргізген зерттеуімізді ұсынамыз.

Миссионерлік қызметті жүргізуге қаржысы жететін шіркеулердің көптеген ізбасарлары және бірнеше пасторлары болады. Ал алыс шетелдерге рухани жетілген жақсы қызметкерді жібермейді. Иерархиялық сатыда төменгі жақта орналасқан қызметкерлерді жіберетінін айтуға болады. Олардың жеке адамдық амбициялары мен материалдық қажеттіліктері толық қанағаттандырылмағандықтан, шетелден

жақсы қаржылық көмек ала отырып, шіркеу қызметкерлерін және адепттерді алдап-арбау барысында қазақстандықтардың «рухани ұстаздары» үлкен көлемде қаржы жинап алады. Мәселен, 2011 жылы «Грейс» шіркеуінің пасторы Ким Сам Сон 130 мың АҚШ долларын заңсыз шекарадан алып өтпекші болған кезінде Алматы халықаралық әуежай шекара қызметкерлерімен ұсталған болатын. Осындай шіркеу басшылары өздерінің отандарына оралу кездерінде қайтадан материалдық қиындықтарға тап болады. Сонымен қатар, миссионерлердің балалары Қазақстанда білім алғандықтан, Кореядағы, АҚШ-тағы немесе басқа шетелдік білім беру жүйесіне қайта бейімделуінде үлкен қиындықтар туғызады. Осы фактілерді ескерсек отырып Қазақстандағы миссионерлер біздің елімізде тұрақтап қалғылары келеді деген ой туындайды.

Миссионерлердің уағыздарына әртүрлі себептерге байланысты адамдар ілеседі. Олардың жалпы ортақ мақсаттары болғанымен, әрқайсысы өзінің жеке мүдделерін көздегенін байқауға болады. Осыған байланысты шетелдік миссионерлерді қазақстандықтардың тарапынан қолдауы тек рухани негізге байланысты емес. Мысалы, шіркеулерде қызмет жасайтын және миссионерлерден қаржылық көмек алатын адамның басқа қаржылық кірісі жоқ болып келеді. Ал көпшілігі үшін өзінің жалғыздығынан арылып адамдармен сұхбатқа, қарым-қатынас жасаудың бір түрі болып табылады. Осындай мақсатты тұтқан адамдар – жастары келген жалғыз басты қариялар және жастар. Жастарды көбінесе тегін шет тілін үйрену, құдайға құлшылық жасау барысындағы модерндік әуен, діни ұйым есебінен Корей немесе АҚШ елдеріне қыдырып бару және әскерлік міндеттен құтылу жолы қызықтырады.

Мемлекет миссионерлік қызметті саяси мақсаттарды жүзеге асыру құралдарының бір элементі ретінде пайдалану жайлы тезисті жасау үшін жиырма ғасырлық тарихы бар христиандықтағы осындай көріністеріне қысқаша шолу жасап өту керек. Әсіресе миссионерлік қызмет арқылы державалардың өздерінің саяси мақсаттарын жүзеге асырған кезендерге көңіл аударамыз.

Миссионерлікті зерттеуші ғалымдардың мәлімдемелеріне сәйкес шіркеудің жүзеге асырып отырған барлық қызметтерінде саяси астарлары бар дейді. Осы мәселеге қатысты Д. Норт

миссионерлік қызметті сараптау барысында миссионерліктің тарихында мақсаттары мен міндеттері адам өмірінің қажеттіліктері мен талаптары сияқты кең және ауқымды болып келеді дейді [10, 243 б.].

Алғашқы миссионерлер қызметінің мемлекеттердің саяси жүйелеріне тигізетін орасан зор әсерлерін неміс құқықтанушысы Арнольд Эрхард өзінің үш томдық «Солоннан (б.з.д. VI ғ.) Августинге (б.з. V ғ.)» атты еңбегінде саяси метафизиканы зерттеген ерте христиандық сенімнің бүлікшіл мінезін көрсетіп өтті. Ежелгі римдік және ежелгі гректік құқық мәселелері бойынша белгілі маман болған Эрхард ерте христиандардың сөздері мен іс-әрекеттері өз замандарында бүлікшіл көрініске ие болған деп басып айтады. Бірінші ғасырдағы христиандықтың миссионерлік қозғалыстары радикалды және революционерлік көрініске ие болды. Бірақ, Эрхард революцияны тек қана террормен байланыстыру қажет емес, ол альтернативаны ұсынумен байланысты екенін атап өтеді. Грек және Рим әлеміндегі жұмыстарында миссионерлер осындай альтернативаны ұсынды. Ол барлық құдайларды жоққа шығара отырып, билік құрған саяси теорияларды бұзды. Осыған қарап, біз алғашқы миссионерлер өздерінің іс-әрекеттері арқылы Рим империясының саяси құрылымын шайқалтқанын көре аламыз.

Император Константин кезеңінен бері «христиандық мемлекет» түсінігі, мемлекет және шіркеу арасындағы өзара тәуелділік пен өзара іс-әрекеттер қалыпты жағдай ретінде орнаған. Византияда император өзінде діни және саяси функцияларды біріктіретін, мемлекеттің көздеген мақсаттары шіркеудің мақсаттарымен сәйкес келетін және керісінше шіркеудің мақсаттары мемлекеттің мүдделеріне қарсы келмейтін. Осындай жағдай миссионерлікке де өз әсерін тигізген. Мемлекет басшыларының миссионерлік жұмысқа тікелей араласу тәжірибесі ортағасыр дәуірі бойы және қазіргі уақытқа дейін жалғасын тауып келе жатыр. Мәселен, орыс князьдері мен патшаларының православияның миссионерлік жұмыстарында саяси астарларын байқауға болады. Осы миссионерлер өздеріне артылған міндеттерді орындаған соң, орыс князьдері солтүстік және солтүстік-шығыс аймақтарға жаулаушылық соғысқа шығып отырған. Евангелизация мақсаттары «орыстандыру» мақсаттарымен сәйкес келетін. Осыған байланысты, батыстағы

протестанттық шіркеулердің басшылары православ шіркеуінің миссионерлерлік саясатына теріс баға берген болатын. Бірақта, батыстық шіркеу өзінің шығыстық «ағайынынан» ешқандай айырмашылығы жоқ. Өйткені, миссионерлік кезеңді ашқан отарлау дәуірі кезіндегі батыс шіркеуінің миссионерлік саясаты еуропалық мемлекеттердің саяси мақсаттарының ажырамама бір бөлігіне айналды.

Үндістан мен Америка құрлықтарына теңіз арқылы жол ашылған сәтте Александр VI әкей өзінің *Inter «Caetera Divinae»* атты булласында жаңадан ашылып жатқан жерлерді Португалия және Испания корольдеріне бөліп берген болатын. Осылайша оларға жаңадан ашылған, болашақта ашылатын жерлерге өздерінің толық билік жүргізу құқықтарын берді. Булла әкейдің барлық әлемге жоғарғы билігі бар деген түсінікке сәйкес келді. Осы жағдайға байланысты екі мемлекет басшылары отар болған жерлерде тек қана саяси ғана емес, сонымен бірге шіркеулік билігі бар деген түсінік болды. Белгілі бір отарға билік құқығы болса міндетті түрде миссионерлікті жүргізу керек деген түсінікке ие болды. Осы уақыттардан бастап христиандық сенімнің таралуы және отарлаушылық саясат бір-бірімен араласып кеткені соншалық, бір-бірінен ажырату қиын болып кетті. Отарланған елдердің епархияларына басшыларды, епископтарды азаматтық билік тағайындап отырған. Осы епископтарға Рим Папасымен тікелей байланысқа шығуға тыйым салынған. Папаның шығарған бұйрықтары мен жарғылары отарларда заңды күшке ие болу үшін корольдің тікелей келісімі керек. Испания және Португалия корольдері өздерін Папаның өкілдері емес, тікелей Құдайдың Ізбасары ретінде қарастырыла бастады [11, 195 б.].

Испандық жаулаушылық кезеңіндегі Антонио де Монесинос және Бартоломе де Лас Касас деген миссионерлер қарумен бағындыру тәжірибесіне өзінің «conquista espiritual» (испан тілінен «рухани жаулау») деген идеясын алға тартады. Христиандық сенімнің артықшылығына негізделген рухани жаулау миссиясы тарихында үлкен орын алып, империялардың ұлан-ғайыр аумақта өздерінің протектораттарын кеңейту ісіне үлкен үлесін қосқан болатын.

Басқа діндерден христиандықтың артықшылығы мен мінсіздігіне деген сенімдер миссионерлікті дәлелдеу элементерінің бірі болды. Густав Варнек осыған қоса тағы да үш басты элементті атап өтті: басқа халықтарға

христиандықтың қолайлылығы және қолданылғыштығы; христиандық миссионерліктің «қызмет жасау аумағындағы» жетістіктері және басқа діндермен салыстырғанда христиан діні тарих парақтарында және қазіргі уақытта қуатты, мықты екендігін көрсетуінде [12, 92 б.]. Барлығы топтаса отырып батыс шіркеулерінде өздерінің мәдени басымдығына деген сенімді тудырды. Роберт Спираның пікіріне сәйкес батыс миссионерлері тек қана «Мәсіхті» ғана емес, сонымен бірге «өркениетті» де алып келген [13, 275 б.].

Кең ауқымды еуропалық отарлау саясатының басталу уақытында батыстық христиандар өздерінің мәдениеттің басқа мәдениеттерден жоғары және әмбебап деген ойлар қалыптасқан. Батыс мәдениеті христиандық нағыз бұлжытпас мәдениеті ретінде қарастырылғандықтан, христиандық сеніммен бірге батыс мәдениетіде бірге басқа сенімдегі адамдар арасында орнығуы тиіс деп түсіндірілді. 1932-ші жылы шетелдік миссиялардың жұмыстары жан-жақты зерттелген «Миссиялардың жұмысын қайта түсіну» атты еңбек жарық көрген. Осы жерде «барлық халықтардың бір әлемдік мәдениетке, яғни ол батыстық мәдениетке қосылу жолында келе жатыр. Сонымен бірге, осындай жағдайдың орын алуы басқа халықтардың тарапынан үлкен қолдаушылыққа ие болу керек. Ал миссионерлер осы батыстық мәдениеттің саналы түрде таратушылары болу керек» [14, 34 б.] деп жазылған. Осыған ұқсас ой өрісі 1922-ші жылы басылып шыққан кітапшада орын алған: «Le role civilisateur des missions», француз тілінен аударғанда «миссиялардың өркениеттендіруші рөлі» деген мағына береді. Миссиялар тарихын зерттеген неміс тарихшысы Юлиус Рихтер «протестанттық миссияларды еуропалық-америкалық халықтардың мәдени отарлаудың маңызды және ажырамас бөлігі» ретінде 1927 жылы қарастырған [15, 211 б.].

Батыстық миссиологтардың пікірі бойынша қазіргі миссионерлік ұйымдар Жаңа замандағы батыстың отарлау саясатымен және осы аумақты қадағалау жұмысымен тікелей байланысты. Билік үкіметтерінің көзқарастарына сәйкес миссионерлер жақсы одақтастар болып табылады. Өйткені, олар жергілікті халықтар арасында тұрып, тілін және әдет-ғұрыптарын жақсы біліп зерттейтін. Отарлаушы билік миссионерлерді жүрген жерлерінде өздерінің мәдениетін, саяси және экономикалық әсерлерін тарататын ең

ыңғайлы күш ретінде қарастырып отыр. Осыған байланысты миссионерлердің өздеріне ұнаса да, ұнамаса да отарлаушы күштердің алдыңғы шептегі топқа айналды.

Ұлыбритания елінде отарлау қызметінің ірі шенеуніктері ішінде миссионерлік қызметтің империя үшін маңыздылығын түсінгендер күннен күнге көбейіп отырды. Сонымен бірге, басқа отарлаушы елдерде миссионерлер оларға қандай көмек бере алатындығын білетін. 1890-шы жылы неміс канцлері фон Каприви: «Біз отарлап алған жерлердің ішкі аудандарында саудагерлер және миссионерлер жұмыс жасайтын және одан ары өз қызметтерін жандандыруға мүмкіндік беретін бірнеше станция құруымыз керек. Інжіл мен зеңбірек қатар жүруі тиіс» [16, 159 б.] деп айтып кеткен болатын.

Әрбір мемлекет миссионерлерді өздерінің саяси жоспарларын жүзеге асыруда үкіметтің одақтастары ретінде қарастырды. 1958-ші жылы Оңтүстік Африка үкіметінің мүшесі Нел адамдардың миссионерлік қызметке немқұрайлы қарауының бірден бір себебі – «Миссионерлік жұмыстың саяси мәнін» түсінбеушілігінде деп мәлімдеді. Ол: «Егер біз қара нәсілділерді протестанттық шіркеуге кіргізетін болсақ қана, ақ нәсілділерде ... болашаққа деген үміттері пайда болады» деп жазған. Егерде ол жүзеге аспайтын болса, «біздің саясат, біздің заңнамалық бағдарлама және біздің барлық жоспарлар сәтсіздікке ұшырайды. Сондықтан, жастар өздеріне миссионерлік жұмысты белсенді жүргізу міндетін мойындарына алуы керек. Өйткені, миссионерлік қызмет – тек қана Құдай ісі ғана емес, сонымен қатар ұлт игілігі үшін жұмыс; бұл – Құдайға қызмет жасаудың жақсы мүмкіндігі; сонымен бірге – өзінің отанына қызмет жасаудың керемет мүмкіндігі» [17, 88 б.] деп жазды.

Миссионерлік қызметтің мемлекет үшін құндылығы мен маңыздылығын тек қана саясаткерлер ғана емес, сонымен қатар осындай көзқарасты миссионерлерде білдіріп отырды. Атақты француз кардиналы Лавижери (1825-1892 жж.) өзінің «Ақ әкейлерін» Африкаға жөнелту кезінде: «Nous travaillons aussi pour la France» (Біз Франция үшін де қызмет жасаймыз) деп оларға ескерткен. Ал Евангелияны таратушы Британдық Қоғамның (1701-1900 жж.) екі ғасырлық жұмысын атап өтуіне байланысты шығарылған кітаптің кіріспе бөлімінде «Империямыздың кеңеюіне байланысты болған

қуаныштарды тойлатып өткен соң, бұқара халыққа Империямыздың рухани қалқанына назар аудартқанымыз жөн. Осылайша, біз Империяның тұрақты тұруына жұмсалған күшті көрсетеміз» деп жазылған [18, 6 б.].

Қазіргі уақытта саясаткерлер 1910-шы жылы жазылған «Миссионерлік және отарлаушылық бір-бірімен жақсы үйлесімдік тапқан және осы одақтан біздің ұрпағымыз үшін бір жақсылығын тигізер» деген Карл Мирбтомның сөздерімен келісер деп ойлаймыз.

1913-ші жылы католиктік миссиолог Шмидлин Германияға тиесілі отарлар бойынша статс-секретарь Зольфуге «Отарлау – ол миссионерлік» деп айтқан сөздерін талдау барысында «Миссионерлік қызметтің арқасында отарларды рухани жаулап алады және оларды ассимиляцияға ұшыратады... Шындығында мемлекет протектораттарды сырттай ғана біріктіреді; ал миссионерлік қызмет отарлау саясатының терең мақсатын – ішкі отарлауды жүзеге асырады. Мемлекет заң мен жазалау арқылы физикалық бағынуды қамтамасыз етсе, миссионерлік ішкі тыңдаушылық пен адалдықты алып келеді» [19, 112 б.] деген қорытынды жасайды.

Діни фактор әрқашанда халықаралық саясатта державалардың өзінің жеке мүддесін жүзеге асыру үшін жиі пайдаланылып отырған. Мәселен 1998-ші жылы қараша айында АҚШ Конгресінде қабылданған «Халықаралық ар-ождан бостандығы» деп аталатын Жарғыға сәйкес, бүкіл жер бетіндегі мемлекеттердің өз азаматарының ар-ождан бостандығын бұзған мемлекеттерге қарсы АҚШ тарапынан дипломатиялық, экономикалық және т.б. шектеулерді пайдалануға мүмкіндік берді. 1998 жылы күзде ХХІ-ші ғасырға бағытталған АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздігіне қатысты «Жаңа жүзжылдықтағы АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздік стратегиясы» [20] атты құжат жарияланған. Осы құжатқа сәйкес, АҚШ-тың стратегиялық жоспарларының бірі – әлемдегі өзінің көшбасшылығын мойындату болып табылады. Құжатта «Біз халықаралық қатынастарда белгілі бір мемлекеттердің іс-әрекетіне әсер ету мақсатында ұлттық қуатымыздың барлық құралдарын қолдануға дайын болуымыз керек... Біздің ұлттық мүддемізді қорғау мақсатындағы әлемде болып жатқан істерге араласуымыз халқымыздың және конгрестің қаржылық, әскери, саяси және барлық күшімізді аямауымыз керек» [21, 6 б.] деп айтылған. Әрине осы

құжатта дін мәселесі де өзінің орнын тапты. Дәлірек айтатын болсақ «Біз мемлекеттерде, мысалы Қытай мен Ресейде немесе басқа елдерде діни сенім бойынша құдалаушылыққа жол бермеуіміз керек» [21, 34 б.] деп атап өтілген.

Сонымен бірге, АҚШ-тың стратегиялық барлау қызметіне «АҚШ-тың ұлттық мүддесі бар мемлекеттердің халықтары, діндері, білімдері, ұлттық дәстүрлері мен халықтардың моральдық рухтары» жайлы мәліметтер жинау міндеттелген.

Демократияның «үшінші толқыны» атты идеяны жасаған, Гарвард университетінің профессоры С. Хантингтон әлемнің орналасу үрдісіндегі діннің маңызды орнын көрсеткен болатын. Осы ойға сәйкес бірінші толқын 1820 жылы басталып, 1920 жылдары диктатуралардың орнауымен аяқталды. Француз революциясынан бастау алған және басым бөлігі солтүстік американдық және еуропалық көрініске ие болды. Екінші толқыны Одақтастардың екінші дүние жүзілік соғыстағы жеңістен кейін басталды. Оның нәтижесі ретінде Батыс Германияда, Италияда, Австрияда, Японияда, Кореяда демократия орнады. Турцияда, Грецияда және Латын Америкасы елдерінде демократиялық тенденциялар күшейді. Хантингтонның пікіріне сәйкес екі толқында протестантизм басымдыққа ие болған және ол Америка Құрама Штаттарымен тығыз байланысты. Үшінші толқын 1974 жылдары португал диктатурасының құлауымен басталып әлі күнге дейін өзінің жалғасын тауып келе жатыр. «Үшінші толқынның болашағы батыстық христиандықтың басқа мемлекеттер аумағына кіріп тұрақтауына және христиандық сенім тарамаған елдерде демократияның тұрақтануына байланысты – деп Хантингтон жазып кеткен [22, 134 б.]. С.Хантингтонның «Өркениеттер қақтығысы» деп аталатын мақаласына назар аударатын болсақ, ХХІ ғасырдағы халықаралық қатынастарда өркениеттер арасындағы қақтығыс орын алады деген болатын. Ал өркениетті ол белгілі бір дінді ұстанушы адамдардың қауымдастықтары ретінде анықтаған [23, 3 б.].

Осылайша, дін белгілі бір өркениеттің бет бейнесін анықтаушы, құрушы элементі. Соңғы уақытқа дейін саясат концепцияларында нақты бір аймақта мекендейтін діни сенімдерді, діни көзқарастарды қалыптастыратын рухани жағдайды, адамдардың діни саналарын есепке алмай келген. Біздің ойымызша бұл факторлар қоршаған әлеммен қарым-қатынасын, экономикалық дамуын, экспансияға ұшырау

дәрежесін анықтайды. Миссионерлердің мәліметтерді тарату жолдарының жаңа тәсілдерін пайдалану арқасында өзінің әсер ету аймағында көптеген адамдарды кіргізіп, саясаттың маңызды бір элементіне айналады.

Тарих беттерінде мемлекеттерді жаулап алу және оны басқару формалары уақыт талаптарына сай өзгерістерге ұшырап отырғанын байқауға болады. Қазіргі даму сатысында ақпараттық және коммуникациялық «өркениетті басқару» формалары екінші орынға әскери және тікелей саяси басқару формаларын ығыстырды. Осылайша, миссионерлік қызметтің жемісінен туындаған діни сенім және жаңадан орнатылған құндылықтар – шекаралары тікелей шектеспеген елдің өміріне саяси немесе әскери күшсіз әсер етуге, араласуға жол ашады. Мысал ретінде АҚШ-тың әлемдік деңгейде «өркениетті жаулап» алу талпынысын қарастырып өтсек болады. Осы әлемді басқару жолында жасап отырған жұмыстарда миссионерлік қызмет маңызды бір орынды иеленеді. Тынық Мухит бассейнінде АҚШ-тың өркениетті басқаруына жол ашқан жолдарының бірі ол – жаңа протестанттық миссионерлердің көмегімен Оңтүстік Кореяның шоқындырылуы болып табылады. Қазіргі таңда Кореяның 65-70 пайызы христиандық сенімді ұстады және осы өңірдегі АҚШ-тың саяси мақсаттарын жүзеге асырып отырған мемлекеттің бірі.

2000 ж. 24 желтоқсанда сөз сөйлеген Папа: «Бірінші мыңжылдықта Европаны, екінші мыңжылдықта Африканы христианға айналдырғандарын, үшінші мыңжылдықта кезек Азияға келгенін» жариялаған болатын.

Осыған байланысты Қазақстанда жаңа протестанттық және басқа дәстүрлі емес діни ағым миссионерлерінің жұмыстарын қысқаша қарастырып өтсек. Қазақстан аумағында 2009 жылы 134, 2011 жылы 76 миссионер болса, 2013 жылы олардың саны 43-ке қысқарған.

Қазіргі таңда миссионерлерге қолайлылық тудырып отырған жағдайлар:

- Руханияттың әлсіздігі және халықтың діни білімінің таяздығы;
- Сыртқы көмектерге мұқтаждығымыз; маман және технология кемшілігі бізді сырттан көмек іздеуге итермелейді. Осы қажеттілікті миссионерлер ұтымды пайдалануда. Қаржыдан қысылған ғалымдарымыз миссионерлердің қаржылай көмегіне жүгінуде. Бұл орайда әсіресе АҚШ бастамасымен БҰҰ ішінде құрылған

Еріктілер (Volunteer) ұйымының мүшелері атын жамылып жүрген миссионерлер шет тілі курстарында және мектептерінде жұмыс жасауда;

- Дін бостандығы жөніндегі заңымыздың жұмсақтығы; Заңда дәстүрлі діндермен бірге дәстүрлі емес ағымдар да еркіндік алып, әр адамның жеке тағдыры үшін де, Қазақстанның келешегі үшін де қауіпті идеологияларын таратуда;

- Қолында билігі бар ҚМДБ өкілдерінің және арнайы мамандардың әлсіздігі;

- Жастарымыздың рухани-материалдық халі; Экономикалық таршылықтан туындайтын ақшақұмарлық жұкпалы дерттей таралып, миссионерлер осыны пайдаланып жастарды өзіне тартуда;

- Діни сауатсыздық; Миссионерлер көпшілікке ашық жиналыстарда дәстүрлі діндер жайлы сөз қозғамағанымен, адамдармен жеке қалғанда, діни сауатсыздықты пайдаланып, дәстүрлі діндерді қаралауға тырысады.

Үй-үйді аралап (Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заң бойынша тиым салынған) жұртпен араласып, өз пікірлерін үгіттейтін жаңа протестанттық ағымдар миссионерлері адамдармен сенім-наным жайлы сұхбаттасып, оларға түрлі сұрақтар қойып, күмәнді жорамалдар айттып, адамдарды сергелдеңге түсіреді. Осылайша өз сенімінен, көзқарасынан күмәнданып, дал болған адамға өз идеологиясын ұсына қояды.

Миссионерлердің әңгімелері дін мен сенім бостандығы, әрбір адамның қалаған дін мен ұлтқа өту құқығы туралы тақырыптар. Сонымен қатар, таңдалатын ең әділетті, ең дұрыс дін өздерінің сенімдері екендігін айта кетуді де ұмытпайды.

Қазіргі таңда жаңа протестанттық ағымдарының қолданып отырған үгіт насихат тәсілдерінің ең бастылары төменде келтірілген:

- Адамды дүниеден, қоғамнан және жақындарынан алыстату. Бұған қол жеткізу үшін олар қоғамдағы әділетсіздік, теңсіздік сияқты экономикалық, әлеуметтік және саяси дүрбелеңдерді, табиғи апаттарды пайдалады;

- Мемлекет пен елдердегі әділетсіздік, кедейлікпен жоқшылық, тұрмыстық қиындықтар, бір елде бірге өмір сүріп жатқан халықтар арасына жік салу, адамдарды үмітсіздікке, рухани дағдарысқа итермелейтін сөздер айту;

- Осы қиындықтардан құтылудың жолы өз ұйымдарына кіру болып табылатындығын айтып сендіру;

- Жас қыздар мен жігіттерді жинап алып, жастық желік пен нәпсіқұмарлықтарды пайдалану арқылы өздеріне бағындыру;
 - Тоқтамастан баса сөйлеп, қарсысындағы адамның аузын аштырмай, рухани тұтқынға айналдыру;
 - Ағымға кірген кісіге сенімдерінің қыр-сырын оқыту, өз журнал-газеттерін ғана оқытқызу;
 - Христиандық және Қасиетті Кітап жайлы адамның естігісі келген сөздермен жеткізу;
 - Бұл дүниеде қауіпсіз және тыныш өмір сүру үшін өздері сияқты күшті де сенімді бір ұйымға кіру керектігін айту;
 - Халыққа жұмыс беру, ақша беру, айлық беріп шет елдерге саяхатқа жіберу арқылы өздеріне тарту;
 - Шет елдерге конференцияға шақырып алып, сол мүмкіндікті пайдалана отырып үгіттеу;
 - Адамдарға дос болу, достық атмосфера құру;
 - Сұхбаттарда дауыс көтермеу, оқыс мінез көрсетпеу, жылы жүзді, сабырлы болуды пайдалану;
 - Адамның жағдайын, рухани халін біліп алып, соған сай әрекет ету;
 - Насихат ісіне бір әйел екі еркек немесе бір әйел, бір еркек болып бару;
 - Жас қыз, келіншектерді пайдалану;
 - Тегін газет, кітап, журналдар тарату;
 - Апталық, айлық жиналыстар, саяхаттар, конференциялар, жарыстар және көрмелер ұйымдастыру;
 - Барған жерлерінде сол мемлекеттің тілінде үгіт жүргізу;
 - Үйлерді, кеңселерді, кітапханаларды үгіт-насихат мекені ретінде пайдалану;
 - Адамдарға тіл үйрету, мамандық алуына, интернет қолдануына жағдай жасай отырып, жастардың сеніміне кіру;
 - Үйлерді аралап, қоғамдық жерлерге барып адамдармен араласа отырып, үгіт жүргізу;
 - Оқу орындарында тегін сабақ беріп, конференциялар өткізу;
 - Материалдық және рухани проблемалары барларға көмектесу.
 - Ғылыми жаңа көзқарастарды жақтайтын білімді, көзі ашық кісі болып көріну;
 - Қасиетті кітап сабақтарын беру;
 - Көшелерде, саябақтарда, адамдардың көп жүретін жерлерінде өткен-кеткенге дін, өмір туралы сұрақтар қойып сұхбат құру.

Батыс мемлекеттері рухани тоқырау шегіне келіп тұрғанда миссионерлердің Африка мен Азияда сабылып жүруінде экономикалық мүдденің астарлы саясаты бар екендігі көрініп тұр. Бұл жолда олар өз дәуірінің ең мықты мемлекеттерінің көмегін алып отырған. Жоғары жақта атап өткендей ХІІ-ғасырдан бері ең ірі миссионерлік ұйымдардың арқа сүйерлері алғашында Португалия, Испания, кейінірек Франция және Германия, одан берірек Ұлыбритания және Германия, ал соңғы жылдары АҚШ болды. Айқыш жорықтары айтарлықтай нәтиже бермеген соң христиандар мәдениетке сіңісу әдісі арқылы істі басынан бастаған сыңайлы.

Бұл мақсаттарымен христиандық миссионерлер өз араларында да таласады. Мәселен протестант христиан басқалардың католик немесе православ болып христиан дінін қабылдауына разы болмайды. Себебі, әр ағым артынан бір мемлекеттен әмір алып отыр. Мәселен православ миссионерлерін Ресей, католик миссионерлерін Европа, протестант бағытын АҚШ басқаруда. Христиандардың бұл мақсаттарын Кенияның алғашқы Премьер министрі Камао Кениятта мына сөздерімен керемет жеткізген екен: «Миссионерлер жерімізге келген кезде Інжіл олардың қолында, жер африкалықтардың қолында еді. Бізге көзімізді жұмып дұға қылуды үйретті. Көзімізді ашқан кезде Інжіл біздікі, жер олардікі болып шықты!»

Соңғы кездері интернет желілерінде жаңа протестанттық және басқа да дәстүрлі емес ағымдарға қатысты хабарлар қоғам арасында үлкен талқыға салынып отыр. Мәселен www.tengrinews.kz, www.megapolis.kz, www.nur.kz және басқа интернет желілерінде осы ағымдардың деструктивтік әрекеттерін ашатын «Упаси, Боже, от «Благодати» атты хабар таратылған болатын. Бұл хабарламада Талдықорған қаласындағы «Благодать» шіркеуіне отағасының қарсылығына қарамастан әйелі кішкентай қызын діни ғибадаттарды орындау үшін «Благодать» шіркеуіне бірге алып жүрген. Күйеуінің мәлімдемесіне сәйкес кішкентай қызының психикасына үлкен зақым тиюде және осы себепті жас отау бұзылып, әкесі қызының «Благодать» шіркеуіне анасымен бірге баруына қарсылық таңытып отыр. Осы хабарламаға қатысты қалдырылған 120 шақты коментарилердің 96 пайызы «Благодать», сонымен бірге «Иегова куәгерлері» сияқты басқа да

дәстүрлі емес ағымдар қоғамда негативті реакцияны тұғызғандығын байқауға болады. Сайт беттерінде қалдырылған ойларының басым көпшілігі мемлекеттік билік тарапынан ағымдар қарсы шаралар қабылдауын, сонын ішінде Қазақстан аумағында осындай десструктивті ағымдардың жабылуын талап етуде [24].

Интернет кеңістігіндегі жаңа протестанттық ағымдарының қызметі жайлы хабарларды сараптау барысында интернет желісін пайдаланушылар олардың қызметтеріне қарсы бағытталған көптеген пікірлерін оқуға болады. Сонымен бірге, интернетті пайдаланушылар «Діни сенім бостандығы» туралы Заңын білмейтіні анықталды. Мәселен, дәстүрлі емес діни ағым өкілдерінің көшелерде, үйлерде адамдарға діни материалдарды таратып жүргенін мәлімдегенімен, олардың әрекеттеріне Заңда белгіленген тосқауылдар жасамағандығын көрудеміз.

Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының «Ақпарат және талдау орталығының» қала тұрғындары арасында дәстүрлі емес діни ағымдардың қызметтерін анықтау мақсатында жүргізілген әлеуметтік сауалнама жұмысына қатысқан адамдардың 53%-ы дәстүрлі емес діни ағымдардың миссионерлік әрекеттерімен кездескендігі анықталды. Ал 47% миссионерлермен немесе өкілдерімен тікелей кездеспеген, алайда олардың қызметі мен әрекеттері туралы өздерінің достарынан, туыстарынан хабардар болған. Сонымен бірге, дәстүрлі емес діни ағымдардың прозелиттік әрекеттерінің белсенділігі сұрастырылған қала тұрғындарының 18,1%-ы шіркеулерге бару немесе миссионерлерімен кездесу тәжірибесі бар екендігі анықталды.

Миссионерлікдің нысанына қала тұрғындарының келесі әлеуметтік топтар ілігуде: 40-49 жас аралығындағы адамдар – шіркеулерге бару немесе миссионерлерімен кездесу тәжірибесі бар адамдардың 30%-ы; 18-19 жас аралығындағы жастар – 23,3%; жоғары білімі бар – 26,8%; орыстар – 23,5%; табысы орташадан жоғары – 32,5% [25, 29-30 б.].

Сауалнамаға қатысқан алматылықтардың басым бөлігі (66%) дәстүрлі емес ұйымдар қызметтері Қазақстан қоғамына үлкен қауіп төндіріп отырғандығы жайлы белгіледі. Тұрғындардың жауаптарына сәйкес қоғамға төңген қауіптердің ішінде ең бірінші орынға 49,6%-бен халықты идеологиялық зомбиге айналдыру

қауіп шықты; 41,9%-ы жас ұрпаққа кері әсерін тигізеді; 20,3%-ы адамдарды алдау және тонау мақсатында қызмет жасайды; 17,7%-ы қоғамда экстремистік және ксенофобтық көңіл-күйді орнатады; 15,5%-ы дәстүрлі емес ұйым қызметтері дәстүрлі діни сенімге және құндылықтарға зақым береді [25, 33-34 б.].

Шыңыменде шетелдік миссионерлер халықтың ғасырлар бойы ұстанып келген дәстүрлі діндеріне құрметпен қарамастан, прозелиттік болып саналатын лас әдістерді пайдаланады. Бұған байланысты миссионер Чарльз Д. Егал былай дейді: «Мұсылмандарға жақындау үшін олардың дінін, тілін қолданындар. Құранның ішінен христиандыққа зияны жоқ аяттарды алып қолданындар. Әрі мұсылмандардың жұма құлшылығына параллель жұма уағыздарын ұйымдастырып, үй шіркеулерінің лидерлері имам секілді көрінуіне болады. Үй шіркеуіне кірерде аяқ киім шешу, мұсылмандардың діни рәсімдеріне ұқсас рәсімдер ұйымдастыруға болады» [26, 81 б.]. Сонымен бірге, діни рәсімдерінде құрамында қай ұлттың өкілі басым болса сол тілде (қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек) атқарады. Рәсімдерінің барысында айтылатын діни әндерін домбыра, қобыз, сыбызғы секілді ұлттық музыкалық аспаптардың сүйемелдеуімен орындайды. Осындай прозелиттік қызметтің нәтижесінде қоғам ішіндегі дінаралық қатынастарға жағымсыз әсерін тигізіп, үлкен проблемалардың біріне айналуы мүмкін.

Осыған байланысты халықтың арасында дінаралық қатынасты ушықтырмау мақсатында Қазақстан Республикасы аумағында қызмет жасап келе жатқан миссионерлерге бірнеше ұсыныстарымыз бар: жергілікті халықтың мәдени дәстүрлерін құрметтеу; ең бастысы миссионерлер жұмыстарында кедей халық топтарының материалдық қиындықтарын пайдалана отырып материалдық қызықтыруды өздерінің мақсаттарында пайдаланбау; неше түрлі аурулардан таң-ғажайып түрде емделу, құдіреттері мен қасиеттері сияқты жалған сөздерінен бас тарту; миссионерлер және олардың көмекшілері адамдардан өзінің ежелден ұстанып келе жатқан діндерінен, сенімдерінен бас тартқызу әрекеттерінен арылу; өздерінің сенімдеріне жаңадан адамдарды тарту мақсатында қаржылық немесе тегін білім беру сияқты стимулдарды пайдаланбау; басқа дін өкілдері бағытталған жағымсыз терминдерден бас тарту (кәпірлер, пұтқа табынушылар); халық

арасында ұлтаралық, дінаралық араздықты және бәсекелестік сенімді таратудан бас тарту; сенімдерін тарату барысында өз қатарын толықтыру мақсатында сенгіш адамдарды тартуда үшін пайдаланылатын жарнамалар және тағыда басқа прозелиттік әдістерден бас тарту; әлеуметтік-экономикалық және саяси билік артықшылықтарын пайдаланбау.

Өзіміздің зерттеу жұмысымызды АҚШ-тың бұрынғы мемлекеттік хатшысы Мадлен Олбрайт сөзімен «Діни сенімге негізделген дипломатия – сыртқы саясатты жүзеге асыру барысында маңызды құрал» [27, 9 б.] бітірсек.

Қорытынды

Зерттеу жұмысымызды қорытындылай келе, батыс елдерінің империялық амбициялары түйіскен қарсылас мемлекет аумағында – адамзат тарихында екі мың жыл бойы және қазіргі күнге дейін қоғам өмірінде күрделі өзгерістерге алып келетін жаңа культті орнатумен бірге, халықтың менталитетін толық өзгеріске ұшырататын миссионерлік қызметінің көмегімен батыстық құндылықтарды орнату арқылы батыстық елдердің аумақтық және экзистенциялық экспансияға жол ашатын құралдардың бірі деген түйін жасауға болады.

Сонымен бірге, жаңа протестанттық ағымдардың миссионерлік қызметінің саясатпен байланысын зерттеу арқылы жаңа протестанттық және басқа дәстүрлі емес діни ағымдардың елімізде ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі құндылықтардың орнына халқымызға жат құндылықтарды енгізу мақсатында жүзеге асырылып отырған батыстық елдердің мәдени экспансияның маңызды элементі, ал миссионерлік саясатты жүзеге асырушы миссионерлер өзінің мемлекеттік жүйесімен байланысты болғандықтан, саналы немесе бейсаналы түрде сол елдің мақсаттарын таратушы тұлға ретінде анықталады.

Жоғарыда келтірілген нәтижелерге қарап, жаңа протестанттық және басқа дәстүрлі емес діни ағымдарының өзінің қызмет атқару шекараларынан шығып, басқа сенімді ұстанатын кеңістіктерде, яғни мемлекеттерде кедергісіз өздерінің діни сенімдерін уағыздау жұмыстары арқылы миссионерлік қызмет алдына қойылған мақсаттары мен қорытындыларына – батыстың «өркениетті басқаруына» алып келетіндігін атап өту керек.

Осы орайда, «Ақпарат және талдау орталығының» Алматы қаласының тұрғындары арасында дәстүрлі емес діни ағымдардың қызметтерін анықтау мақсатында жүргізілген әлеуметтік сауалнамаға қатысқан қоғамның басым бөлігі және интернет кеңістігінде үлкен талқыға салынатын жаңа протестанттық және басқа да дәстүрлі емес діни ұйым қызметтеріне қарсы екендігінде атап кеткен жөн.

Сонымен бірге, бірнеше дінге бөлінген халықтардың басын қосу мүмкін емес. Мәселен, кезінде бір ғана ұлт болған бұрынғы Югославиядағы хорваттар – католик, сербтер – православ, босниялықтар ислам дінін қабылдап, жеке ұлт пен мемлекетке бөлінді. Тарихтағы бірнеше дінге бөлінген Хазар мемлекетінің ақырында шаңырағы ортасына түскендігін Қазақстан басшылары және халқымыз ешқашан ұмытпауы керек.

Ұсыныстар

Қазақстанда дәстүрлі емес діни ағым миссионерлерінің жұмыстарына қолайлылық тудырып отырған жағдайларды, яғни халықтың экономикалық-материалдық жағдайын көтеру, жұмыспен қамту мәселелерін шешу, жастарды жұмыспен қамтамасыз ету, қоғамның әлеуметтік нашар топтарды қорғау, руханияттың әлсіздігін және халықтың діни білім сауатсыздығын жою, арнайы діни сауатты мамандарды көптеп даярлау, дәстүрлі діндердің, яғни Ислам (Ханафи) мен Православияның білімін көтеру.

Сонымен бірге, заңға жаңа өзгерістер енгізіп, дәстүрлі емес діни ұйым қызметтерін қатаң мемлекеттік қадағалауға алу;

Дәстүрлі емес діни ұйымдардың деструктивті қызметтері туралы ақпараттарды халыққа жеткізу;

Кәмелеттік жасқа толмаған балалардың психикасын сақтау мақсатында заңнамалық негізде ата-аналарға балаларын дәстүрлі емес діни ағымның құлшылық ғимараттарына апаруына тыйым салу;

Дін істері жөніндегі агентігінің, ҚМДБ, ОПШ, дінтанушылар, теологтар, психологтар мен педагогтар халық ішінде, әсіресе жастар арасында мектептерде, колледждерде, жоғарғы оқу орындарында республикалық және жергілікті БАҚ өкілдерін тарта отырып ақпараттық-насихаттық және ағартушылық жұмыстарды белсенді жүргізу.

ҚМДБ-ның дәстүрлі діни құндылықтарды халық арасында заманауи жетістіктерін пайдалана отырып (БАҚ, интернет желісі және т.б.) уағыздарын белсенді жүргізу.

Құқық қорғау органдарының, әсіресе уәкілетті полиция қызметкерлерінің жұмыстарын белсендіру арқылы діни ғимарат сыртында заңсыз діни уағыздарды жүзеге асыруларына тосқауыл қою.

Әдебиеттер

- 1 Rosenkranz Gerhard. Die Christliche Mission: Geschichte und Theologie. – Muenchen, 1977.
- 2 Гараджа В. Протестантизм. – М.: Политиздат, 1971. – 201 с.
- 3 Фурман Д. Е. Религия и социальные конфликты в США. – М.: Наука, 1981.
- 4 Дж. Мак-Артур <http://www.slovo.org/author/John-MacArthur>
- 5 Бахныкин Ю.А., Беленький М.С., Белов А.В. и др. Карманный словарь атеиста. – М.: Политиздат, 1985. – 271 с.
- 6 Пеннер П. Христианская миссия: история и современность. – 1998. – С. 221.
- 7 Warneck Gustav Adolph. Evangelische Missionslehre. (1892-1903).
- 8 Warneck, Gustav Adolph. Die gegenseitigen Beziehungen zwischen der modernen Mission und Kultur (1879).
- 9 Трофимчук Н.А., Свищева М.П. Экспансия. – М., 2000.
- 10 Джеймс Норт. История Церкви. – М.: Протестант, 1993. – 413 с.
- 11 Warneck Gustav Adolph. Abriss einer Geschichte der protestantischen Missionen. – 1905. – 507.
- 12 Warneck Gustav Adolph. Evangelische Missionslehre (1892).
- 13 Robert E. Speer. Prophet of the American Church. By John F. Piper, Jr. – Louisville, Kentucky: Geneva Press, 2000. – Pp. 538.
- 14 William Ernest Hocking and the Commission of Appraisal, Re-Thinking Missions: A Laymen's Inquiry after One Hundred Years. – New York: Harper & Brothers, 1932. – 372 pp.
- 15 Julius Richter Deichert, Evangelische Missionskunde: Evangelische Missionslehre und Apologetik. – 1927. – 237 s.
- 16 Winkler H.A. Der lange Weg nach Westen. Deutsche Geschichte 1806 – 1933. – Bonn, 2002. – S. 272.
- 17 Трофимчук Н.А., Свищева М.П. – М.: Экспансия. 2000.
- 18 Джеймс Норт. Полное название: История Церкви от дня Пятидесятницы до нашего времени. 1983, College Press Publishing.
- 19 Schmidlin J. Catholic Mission Theory. Techny, 1931
- 20 A national security strategy for a new century the white house. October, 1998. – 61 с
- 21 A national security strategy for a new century the white house. October, 1998. – 61 с
- 22 Сэмюэл Хантингтон «Столкновение цивилизаций» (англ. «The Clash of Civilizations and the Remaking of World Order») 1996 АСТ, Мидгард; – С. 576.
- 23 Сэмюэл Хантингтон статья «Столкновение цивилизаций?» (The Clash of Civilizations?), 1993 «Foreign Affairs» (Международные отношения).
- 24 www.tengrinews.kz
- 25 Центр информации и анализа» акимата города Алматы: аналитический доклад по результатам социологического исследования «информированность населения города о деятельности псевдорелигиозных организаций и религиозных формирований. – Алматы, 2011. – С. 49.
- 26 Ивоненко С. Людах, никогда не расстающихся с Библией. – М., 1999.
- 27 Albright M. Faith and Diplomacy // The Rev. of Faith & Intern. Affairs. – 2006. – Vol. 4. – Fall. – O 2. – P. 9.

References

- 1 Rosenkranz Gerhard. Die Christliche Mission: Geschichte und Theologie. Muenchen, 1977
2. V. Garadja. «Protestantism». Izdatelstvo: Politizdat; – 1971; – 201 s.
- 3 D. E. Furman. «Religia i socialnye konflikty v SSHA». Izd.: Nauka; – 1981; – s 257.
- 4 A. Trodimchuk, M.P. Svisheva. «Ekspansia». M.: Buzulukskaia tipogradia; – 2000 g; – s 217.
- 5 A. Bahnykin, M.S. Belen'kii, A.V. Belov. «Karmannyi slovar' ateista». M.: Politizdat; 1985 g, Izdanie 5-e; – s 271;
- 6 P. Penner, «Hristianskaia missia: istoria i sovremennost'», – 1998, – s 221
- 7 Warneck, Gustav Adolph «Evangelische Missionslehre», – 1892-1903, – s 193.
- 8 Warneck, Gustav Adolph «Die gegenseitigen Beziehungen zwischen der modernen Mission und Kultur», – 1879, – s 256.
- 9 A. Trodimchuk, M.P. Svisheva. «Ekspansia». M.: Buzulukskaia tipogradia; – 2000 g; – s 217.

- 10 Dj. Nort. «Istoria Cerkvi»; M.: Protestant, – 1993. – s 413.
- 11 Warneck, Gustav Adolph «Abriss einer Geschichte der protestantischen Missionen»; 1905 – p 507.
- 12 Warneck, Gustav Adolph «Evangelische Missionslehre», – 1892. – s 193.
- 13 Robert E. Speer: Prophet of the American Church. By John F. Piper, Jr. (Louisville, Kentucky: Geneva Press. 2000. Pp. 538.
- 14 William Ernest «Hocking and the Commission of Appraisal, Re-Thinking Missions: A Laymen’s Inquiry after One Hundred Years». New York: Harper & Brothers, – 1932, 372 pp.
- 15 Julius Richter Deichert, «Evangelische Missionskunde: Evangelische Missionslehre und Apologetik», – 1927; – s 237.
- 16 Winkler H.A. «Der lange Weg nach Westen. Deutsche Geschichte», – 1933. – Bonn, 2002. – S. 272.
- 17 A. Trodimchuk, M.P. Svisheva. «Ekspansia». M.: Buzulukskaia tipogradia; – 2000 g; – s 217.
- 18 Dj. Nort. «Istoria Cerkvi ot dnia Piatidesiatnisy do nashego vremeni». College Press Publishing. – 1983, – s 241.
- 19 Schmidlin J. «Catholic Mission Theory». Techny, 1931, – c 205.
- 20 «A national security strategy for a new century the white house», October 1998; – 61 c
- 21 «A national security strategy for a new century the white house», October 1998; – 61 c
- 22 S. Huntington. «The Clash of Civilizations and the Remaking of World Order». AST, Midgard; 1996; – p 576.
- 23 S. Huntington. «The Clash of Civilizations?». «Foreign Affairs», 1993. – p 6.
- 24 Jitel Taldykorgana prosit ogradit’ 2-letniuiu doch’ ot cerkvi «Blagodat’».
http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/jitel-taldykorgana-prosit-ogradit-2-letnyuyu-doch-ot-tserkvi-blagodat-241730/
- 25 «Centr informacii i analiza» akimata goroda Almaty. Analiticheskii doklad po rezul’tatam sociologicheskogo issledovania «Informirofannost’ naselenia goroda o deatel’nosti psevdoreligioznyh organizacii i religioznyh formirovaniiah». Almaty; – 2011, – s 49.
- 26 S. Ivanenko. «O liudiah, nikogda ne rasstaiushih s Bibliiei». – Moskva, Art-biznes-centr, 1999; – s 255.
- 27 M. Albright. «Faith and Diplomacy». The Rev. of Faith & Intern. Affairs. – 2006. – Vol. 4. – Fall. – O 2. – P. 9.